



Үкімет басшысы: Бұл оңай шешім емес, бірақ қабылдауға мәжбүрміз

Кеше өткен Үкімет отырысының қорытындысы бойынша Премьер-министр Әлихан Смайылов БАҚ-қа мәлімдеме жасап, жанар-жағармай бағасының көтерілуіне себепін түсіндірді.

«Бұл оңай шешім емес, бірақ оны қабылдауға мәжбүрміз. Егер қазір мұндай шешімді қабылдасамыз, онда жақын арада жанармай тапшылығына тап боламыз», деді Үкімет басшысы.

Әлихан Смайылов Қазақстанда дизель мен бензиннің тұтыну деңгейі ең жоғары екенін айтты, жылына 1 адамға дизель 370 литрден келеді. Мысалы, Ресейде – 225 литр, Қырғызстанда – 98 литр, Өзбекстанда – 44 литр. Сонымен бірге тұтыну деңгейі жоғары қарқынмен өсіп келеді.

«Мұндай жағдай жанар-жағармайдың көрші елдерге транзиттік көліктермен және «сұр» экспорт түрінде шығарылуының артуына байланысты. Ал экономиканың негізгі салаларында нақты тұтыну көлемі айтарлықтай өзгерген жоқ», деді Премьер-министр.

Үкімет басшысының айтуынша, мемлекет жанармай өндірісін ұлғайту үшін барлық шараны қабылдауда. Мысалы, өткен жылы дизель отынын өндіру 5,2 млн тоннаны құрап, рекордтық деңгейге жетті. Жалпы, соңғы 5 жылда бензин өндірісі 70%-ға, дизель өндірісі 33%-ға өсті.

«Біздің отандық мұнай өңдеу зауыттары өз мүмкіндіктерінің ең жоғары шегінде жұмыс істеуде. Алайда жанармай тапшылығының қаупі азаяр емес. Сыртқа тасып

әкету мен тапшылықтың негізгі себебі – Қазақстандағы жанар-жағармай бағасының төмендігі болып отыр. Мысалы, Ресейде дизель отыны 45%-ға, Қырғызстанда 64%-ға, Өзбекстанда 2 есе қымбат. Соның салдарынан арзан отын әртүрлі жолдармен көрші елдерге әкетіліп жатыр», деді Үкімет басшысы.

Әлихан Смайылов наурыз айының өзінде жанар-жағармай материалдарын тұтыну көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15%-ға өскенін айтты. Егер республика баға айырмашылығын қысқартпаса, онда биыл 850 мың тоннаға дейін көлемде жанармай тапшылығына ұрынады.

«Біздің арзан отын өзіміздің ұлттық мүдделерімізге емес, көрші елдердің экономикасына жұмыс істеп отыр. Сондықтан жанар-жағармай нарығындағы жағдайды тұрақтандыру үшін баға айырмашылығын төмендету керек. Бұл елден мұнай өнімдерінің жаппай шығарылуын азайтуға және ішкі нарықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бізде бұдан басқа жол жоқ», деді Премьер-министр.

Оған қоса Үкімет басшысының айтуынша, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған дизель толығымен бөлінді. Оларға баға 204 теңге болып қала бермек.

«Үкімет отынның ішкі нарығын қолдау және заңсыз әкетудің жолын кесу үшін басқа да тиісті шараларды қабылдайды», деп түйіндеді сөзін Әлихан Смайылов.

Мемлекет басшысы «Шеврон» корпорациясы Қазақстанмен бірлескен кәсіпорын ашқан алғашқы шетел компаниясы екенін атап өтіп, компанияның 30 жылдық мерейтойы еліміздің мұнай-газ саласы үшін айтулы оқиға екенін айтты.

– Бүгінде «Теңізшевройл» жетекші халықаралық компания ретінде еліміздің жалпы экономикалық дамуына табысты үлес қосып келеді. Елімізде өндірілетін мұнайдың үштен бірі «Теңізшевройлға» тиесілі. Компания отыз жыл ішінде 70 миллиард доллар инвестиция құйып, мемлекет бюджетіне 160 миллиард доллардан астам кіріс әкелді. Компания тауарлар мен қызметтердің 70 пайызын жергілікті өнім жеткізушілерден сатып алады. «Теңізшевройл» жұмысшыларының 95 пайыздан астамы – Қазақстан азаматтары, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, компания мұнай саласында озық технологияларды белсенді түрде қолданып, көмірсутегі бейтараптығына қол жеткізуге септігін



Президент «Теңізшевройлдың» 30 жылдығына арналған жиынға қатысты

тигізетін шараларды дәйекті түрде қабылдап жатыр.

2000 жылдан бері компания ауаға таралатын шығарындылардың көлемін 75 пайызға азайтты. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуға тиіс. Теңіз кен орнындағы өндірісті ауқымды түрде кеңейту жобаларының жүзеге асырылуы аяқталып келеді. Бұл елімізге мұнай өндірісінің көлемін тағы да 12 миллион тоннаға арттырып, әлемдегі ең ірі мұнай жеткізуші елдердің қатарына кіруге мүмкіндік береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жаңа шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде шағын және орта бизнесті дамыту мәселесіне баса назар аударғанын атап өтті. Оның пікірінше, «Теңізшевройл» бұл бағытта да маңызды рөл атқарады. Компанияның ауқымды өндірістік қуатының арқасында әртүрлі салада жүздеген жаңа кәсіпорынның пайда болуына экономикалық негіз қаланды. Соның нәтижесінде он мыңдаған жұмыс орны ашылды.

Бұдан бөлек, Президент «Теңізшевройлдың» әлеуметтік жауапкершілігі туралы айт-

ты. Кәсіпорын отыз жылда 100-ден астам ірі әлеуметтік жобаны іске асырған. Атап айтқанда, мектептер, балабақшалар, ауруханалар мен басқа да нысандардың құрылысына қомақты қаржы бөлген.

Жиын соңында Президент отандық мұнай саласына сіңірген ерекше еңбегі үшін бірқатар еңбек ардагері мен компания қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттады.

«Құрмет» орденімен еңбек ардагерлері Жанұзақ Оразов, Жеңіс Сейтаев, Көбентай Сүйесінов, III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен еңбек ардагерлері Мұхит Әбілғазиев, Мырзақуат Қарабалин, Леонид Торопкин, Айтқали Жәкиев, «Ерен еңбегі үшін» медалімен «Теңізшевройл» ЖШС екінші буындағы зауытының басқарушысы Данияр Бижанов, еңбек ардагерлері Болат Ерниязов, Орынбай Жәкиев, «Теңізшевройл» ЖШС біріктірілген өндірісті басқару орталығының басшысы Руслан Инебаев, Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен «Теңізшевройл» зауытының басшысы Нұрлан Бектаев наградалды.

Ауылдан үй салуға асығыңыз!

Ауылды көтерудің басты бір жолы халыққа арнап баспана салу болса, алдағы уақытта шалғайдағы елді мекендердің тұрғындары үшін 2855 тұрғын үй салу жоспарланып отыр. Бұл туралы Үкімет отырысында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев мәлімдеген еді.

«Халықтың ауылдық және шекара маңындағы аумақтардан кетуін азайту мақсатында бірінші кезекте жаңа өндірістерді іске қосу жолымен тұрақты жұмыс орындарын құру жоспарлануда. Жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру, Өнеркәсіп қорында көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады», деді Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев.

Осыған орай министрлік өкілі ауыл тұрғындарын баспанамен қамтамасыз етудің жаңа тетігі де іске қосылып жатқанын атап өтті.

«Ауылдағы тұрғын үй мәселелерін



шешу мақсатында, өз қызметкерлері үшін жалға берілетін үйлер салған жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау тетігі іске қосылды.

Осы тетік арқылы ауыл қызметкерлері үшін 2 855 тұрғын үй салу жоспарлануда (14,3 миллиард теңге). Бұдан басқа, ауылдық жерлерде же-

ке тұрғын үй құрылысын ынталандыру мақсатында жыл сайын 22 мың жер учаскесі инженерлік коммуникациялармен қамтамасыз етілетін болады», деді Марат Қарабаев.

Ұлттық инфрақұрылымдық жоспарды әзірлеу үшін мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар өкілдерінен тұратын жұмыс тобы құрылатын болады.

«Халықтың сапалы тыныс-тіршілік деңгейін арттыру және инфрақұрылымдық дамудың негізгі проблемаларын шешу мақсатында, жоспарда базалық инфрақұрылым жобалары, оның ішінде автомобиль және темір жолдарымен, авиа желілермен, сумен, жылумен, газбен және электрмен жабдықтау, сондай-ақ байланыс, телекоммуникациямен (телефон, интернет) және тағы да басқалармен қамтамасыз ету көзделді», деді министр.

«Созақ үні» - ақпарат.

АУДАН КӨЛЕМІНДЕ СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Аудан әкімінің тапсырмасымен бастау алған «Таза ауыл» эко-акциясы аясында аудан көлемінде сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Аудан әкімдігіне қарасты бөлімдер мен бюджеттік мекеме мамандары, барлық ауыл, кент округтері санитарлық-экологиялық акция аясында өткен тазалық жұмыстарына белсене қатысты.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы Шолаққорған ауылының ішкі көшелерін аралап, әр секторға жауапты етіп бекітілген бөлім, мекемелердің сенбілік аясында атқарған жұмыстарының бағын бақылап, онда алдағы бір ай көлемінде аудан орталығын көркейткіп, абаттандыру мақсатында атқарылу керек жұмыстарды пысықтады.

Ортақ мекенімізді көркейту жұмыстарын қарқынды іске асыру мақсатында жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, бүгінгі ұйымдастырылған сенбілікке 1891 адам, 14 арнайы техникалар жұмылдырылды. 36 шақырым көше бойлары, 7,5 шақырым аяқ жолдары ретке келтірілді. 7 гектар саябақтар, 0,2 гектар скверлер, 3 570 ш.м үй іргелік аулалары жинастырылды. Өзенкөлдер мен арықтардың 21 шақырымы тазаланып, полигондарға сенбілік барысында жинақталған 75 тонна қоқыстар тасымалданды. Сондай-ақ 12 спорт алаңшалары мен 9-балалар алаңшалары және аудан көлемінде 46-көп қабатты тұрғын үй маңындағы аулалар мен кіре беріс (подъезд) ретке келтіріліп, 7-аялдама тазаланды.



АУДАН БАСШЫСЫ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Аудан орталығында демалушылар есебінен Жібек-Жолы-2, А.Спатаев көшелерінде кіші футбол алаңы мен балалар ойын алаңшасы салынып, Абай елді мекенінде тұрғындарды 24 сағат ауыз сумен қамту мақсатында қосымша ұңғыма құдығы қазылады. Сонымен қатар, Ұлттық қор есебінен жүріп жатқан ауқымды жобалардың бірі, Шолаққорған ауылының Ақшам және Наурыз мөлтек аудандарын толықтай ауыз сумен қамту мақсатындағы жұмыстар жалғасуда.

Бұл бойынша аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шолаққорған ауылының ішкі көшелері мен Абай елді мекенін аралау барысында жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктеді.

Алдымен кіші футбол алаңы мен балалар ойын алаңы салынатын орындарын арнайы бақылады. Жауаптыларға бей-берекет алынып, пайдаланылмай жатқан жерлерге қатысты тиісті жұмыстарды жүргізіп, реттеу бойынша нақты шаралар атқаруды тапсырды. Бос жатқан жерлерге қажеттілігіне қарай қоғамдық орындар, балалар ойын алаңын салу сынды жұмыстарды жандандыру керектігін тілге

тиек етті. Осылайша Шолаққорған ауылын кешенді дамытуды қолға алу керектігін ескертті. Сондай-ақ су құбыры мұнарасының құрылыс жұмыстарын да назардан тыс қалдырмай, нысанның жай-күйімен танысты. Аралау барысында «Жасыл белдеу» мен «Абай» саябағына барып, аудан орталығын көркейткіп-көгалдандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды да бақылады.

Айта кетейік, аудан басшысының бастамасымен «Жасыл белдеу» аймағы 1,8 гектарға ұлғайып, 2 мыңнан аса тал көшеттері егілді. Бүгінде аталған аймақты арнайы шарбақтармен қоршау жұмыстары жүруде. «Абай» саябағында бүгінге дейінгі отырғызылған тал көшеттеріне 2 тоннаға жуық таза табиғи тыңайтқыштың сұйық және құрғақ түрі әкелініп, күтіп-баптау мақсатында жұмыстар жанданды.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы Шолаққорған ауылынан соң арнайы Абай елді мекеніндегі су құбыры мұнарасында болып, елді мекенді 24 сағат ауыз сумен қамту мақсатында қосымша қазылатын ұңғыма құдықтың жайын пысықтады.

«АБАЙЛАҢЫЗ, БАЛАЛАР!» АТТЫ АКЦИЯ ӨТТІ



Аталған акцияның мақсаты-мектеп жасындағы жасөспірімдердің қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алып, оқушыларға жол жүру ережелерін таныстырып қана қоймай, оларды жол жүру қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыру. Сондай-ақ балалардың жарақат алуы мәселелеріне жүргізушілердің ата-ана және мұғалімдердің

назарын аудару.

Аталмыш мақсатта ұйымдастырылған акция барысында жұмыс жоспары құрылып, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сөзақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі» ММ Ы.Алтынсарин және Н.Төреқұлов атындағы жалпы орта мектептерінің 8-11 сынып оқушыларына «Жолдарда қауіпсіз қозғалыс үшін- жасөспірімдердің идеялары мен бастамалары» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кәмелет жасына толмағандар мен жасөспірімдерге әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылық, яғни түнгі уақытта ата-анасының қадағалауынсыз жүрмеу және басқада жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу жөнінде сөз қозғалды. Оқушылардың тарапынан қойылған сұрақтарына жауаптар берілді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

28-29 наурыз аралығындағы аудан әкімі М.Тұрысбековтың Жартытөбе, Құмкент, Шолаққорған ауылдық округтері мен Таукент кенті тұрғындарымен кездесуі барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешуі жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с 1	Проблемалық мәселелер 2	Орындалу мерзімі 3	Жауапты орындаушылар 4
1	Жартытөбе ауылдық округі Жартытөбе ауылдық округіндегі ағымдағы жылдың жоспарына еңбеген тас төселетін, асфальт салынатын, жарықтандырылатын көшелерге ЖСҚ-әзірлеп, 2024 жылға қаржы қарауға бюджетке ұсыну.	Мерзімі; 2024 ж	Д.Құдайбергенов, Б.Есенқабыл
2	Аққолтық елді мекеніне медпункт салу жұмыстарын заң шеңберінде қарастыру.	Мерзімі; 2024-2025 ж	Б.Нускабаев, Б.Есенқабыл
1	Құмкент ауылдық округі Құмкент ауылдық округіндегі ағымдағы жылдың жоспарына еңбеген асфальт салынбаған, тас төселмеген, жарықтандырылмаған көшелерге ЖСҚ-әзірлеп, 2024 жылға қаржы қарауға бюджетке ұсыну.	Мерзімі; 2024 ж	Д.Құдайбергенов, Ф.Пәрдебекұлы
2	Құмкент ауылдық округіндегі көшелердегі істен шыққан көше жарық шамдарын толығымен ауыстыру.	Мерзімі; ағымдағы жылдың 20-сәуіріне дейін.	Д.Құдайбергенов, Ф.Пәрдебекұлы
3	Құмкент ауылдық округіндегі Қызылкөл елді мекеніндегі М.Әуезов атындағы мектепке шеберхана кабинеті мен АКТІ залын ашуды заң талаптарына сай қарастыру.	Мерзімі; ағымдағы жылдың соңына дейін	Ш.Сатыбалды, Ф.Пәрдебекұлы
1	Шолаққорған ауылдық округі Шолаққорған ауылдық округіндегі ағымдағы жылдың жоспарына еңбеген тас төселетін, асфальт салынатын, жарықтандырылатын көшелерге ЖСҚ-әзірлеп, 2024 жылға қаржы қарауға бюджетке ұсыну.	Мерзімі; 2024 ж	Д.Құдайбергенов, Ә.Елібаев
2	Шолаққорған ауылындағы көшелердегі істен шыққан көше жарық шамдарын толықтай ауыстыру.	Мерзімі; ағымдағы жылдың 20-сәуіріне дейін.	Д.Құдайбергенов, Ә.Елібаев, Ш.Тулеев
3	Шолаққорған ауылдық округіндегі нысаналы мақсатына қарай пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет қорына қайтару жұмыстарын жүргізу	Мерзімі; ағымдағы жылдың II-тоқсанына дейін.	А.Сатыбалды, Б.Әбенұлы, Ә.Елібаев
1	Таукент кенті Таукент кентіндегі ағымдағы жылдың жоспарына еңбеген тас төселетін, асфальт салынатын, жарықтандырылатын көшелерге ЖСҚ-әзірлеп, 2024 жылға қаржы қарауға бюджетке ұсыну.	Мерзімі; 2024 ж	Д.Құдайбергенов, С.Маманов
2	Таукент пен Жыныс ата елді мекендеріне баратын жаяу жүргіншілерге арналған аяқ жол салу жұмыстарына ЖСҚ-жасап, 2024 жылға қаржы қарауға бюджетке ұсыну.	Мерзімі; 2024 ж	Д.Құдайбергенов, С.Маманов
3	Таукент кентінің тұрғындарының денсаулығына байланысты тапсыратын сараптама қорытындысын алуы үшін кент төңірегінде ФАП ашу жұмыстарын қарастыру	Мерзімі; ағымдағы жыл соңына дейін	Б.Нускабаев, С.Маманов

Созақ ауданы - өндірісті және ауыл-шаруашылығы қатар өркендеген аудан. Қандай жағдай болғанда да, қандай сала болғанда да Созақтың жері - төл атамекеніміз. Бөліп жаратын ештеңе жоқ. Ал енді осы ауданымызға жолдамамен, қызмет бабымен, қызметтік себеппен келіп кетіп еңбек етіп жатқан азаматтардың жергілікті халыққа, жергілікті әдеп-ғұрып, салт-санаға деген көзқарасы, адами пайымы, жеке көзқарасы қандай? Қараша халыққа қал қадірінше адал еңбек етіп, қалтқысыз қызмет жасайсың. Сонда қарапайым халық ерен еңбегіңді ескеріп «Мынау жақсы азамат екен!», «Өркеннің өссін!», «Бала-шағаның қызығын көрсін!» деген жақсы сөз ілестіре жүру азаматтың

Көбіне көшеде келе жатып, жастардың үлкен кісілерге талай қол ұшын созып көмектесіп жүргеніне куә болғаным бар. «Жастар анандай, жастар мұндай» деп беталды кінәлай беретін үлкендер де көп. Алайда әлгі жастардың үлкенге деген құрметі мен ізетіне риза болдым. Көмегін алған үлкен кісілер сонда өзіне көмектескен жастарға тұра қалып алақанын жайып ақ батасын беріп жатады. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші жастардың ісіне ризашылығым мол. Алғыс айту, әрине бір күн мен шектелмеуі керек. Оның үстіне бүкіл ұлттар мен ұлыстардың ішінде ең көп бата беретіндер де,



рып майдангер ұстазға зор қуаныш сыйлады.

Осы жылы Жетісай қаласында орын алған қасіретті жағдай өртке байланысты, зардап шеккен жергілікті тұрғындарға көмек ретінде 2 теңіз контейнерін жөнелтті. Жуантөбе ауылының ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ауыл ішінен ауыз су мәселесіне қатысты бір скважина қазып берді. Сонымен қатар, жаңа жыл қарсаңында Серіктестік басшылығы Таукент, Шолаққорған ауылдарымен кентінде тұратын көп балалы және тұрмысы төмен 10 отбасыға материалды көмек көрсетілді.

2022 жыл «Автокөлікпен қауіпсіздік жылы» деп «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ-мен жария-

Аудан жұртынан Алғыс алған Асқар



азаматына ғана тән. Біз қарапайым газет қызметкері, журналист ретінде құлағымыз қияндағаны естиді. Халықтың арасында, той, ас, жиын дегендей көп жүреміз. Құлағымыз түрік болған соң, бізге кездескен азаматтар алғыстарын айтып жатады. Өткен жолы бір топ азаматтар бір өндіріс басшысының елге, қарамағындағы қызметкерлерге, ауданға жасаған қызметін айтып тауыса алмады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» демекші, «Жақсының жүрген жері Мысыр шаһары» дегендей өндіріс саласында елеулі із қалдырған. Қайырлы, сауапты, игі істер мен оңды бастамалардан шет қалмайтын азаматтың бірі Нурғалиев Асқар Қадірбекұлы туралы жазбақ ниетпен қолыма қалам алдым.

алғыс алатындар да осы өзіміздің ұлт болса керек.

*Атқан таңның нұрындай,
Ақының ақ жырындай,
Анаң берген ақ алғыс,
Адалдықтың сырындай.
Атадан ал ақ бата,
Бір Алланың құлындай.
Өнегелі іс жаса,
Өсер елдің ұлындай.
Алғыс алсаң атадан.
Әрқашанда жүрерсің
Қиындыққа ұрынбай.
Алыс сапар аттан ба,
Алғыс сырын ұғынбай.
Алғыс деген ақ пейіл.
Ақ ісіңнің қайыры.
Алғыс деген жақсылық.
Жақсы ісіңнің пайымы.
Әр күн сайын бір алғыс.
Алып тұрса әр адам.*

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ауданымыздың әлеуметтік саласына көп қол ұшын берді. Біреу біреуге көмек көрсетіп, қол ұшын созып жәрдем ету деген алшақтап кеткен бүгінгідей алмағайып заманда осы өндіріс орны ауданымыздың түрлі салаларында өз қолтаңбасын қалдырды. Ойын алаңы болсын, сенбілік, балалар мен тұрмысы төмен отбасыларға болсын әйтеуір шама шарқынша елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап бақты. Сондықтан да өндіріс басшысының есімі ел аузында жиі атала бастады, өндіріс басшысының атына ақсақалды аталарымыз ақ батасын жаудырып, ақ шашты аналар ризашылықтарын бүкпесіз білдіріп жатты. «Қазатомөнеркәсіп-Сауран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тек аудан ішінде ғана емес, ауданның тыс жерлерде де игі бастамалардың көшін бастап келеді.

Серіктестіктің араласуымен әлеуметтік жобаларға қатыса отырып Таукент және Қызмешек кенттерінде балалар ойын алаңының құрылысын жүргізіп балалар игілігіне жұмыс жасаса, 31 желтоқсан күні тұрмыс жағдайлары төмен және көп балалалы отбасылар үшін қайырымдылық акцияларын ұйымдастырды. Жергілікті тұрғындардың өмір сапасын жақсарту жобасы аясында, кент тұрғындарының әлеуметтік экономикалық аумақтың инфрақұрылымының дамуы мақсатында және «Қазатомөнеркәсібі» АҚ-ның 25 жылдығына орай «Атомшылар» аллеясын күрделі жөндеуден өткізіп, жасөспірімдерге арналған воркаут кешенін (көше тренажеры) және төрт бірдей балалар ойын алаңын Таукент кентінен салып берді.

ланған шара аясында, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, әлеуметтік жауапкершілік мақсатында «Ұланбел-Созақ-Екпінді» облыстық маңызы бар авто көлік жолының 181-ші шақырымы Таукент кентіне кіретін жол бойына светодиодты жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп күре жолдың бойынан Таукент кентіне дейін 15 көше шамдары қойылды. Бұл да болса өндіріс көлік жүргізушілері мен кент тұрғындарының қауіпсіздігі үшін жасалған зор еңбектің бірі.

Ендеше «Қазатомөнеркәсіп-Сауран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің байырғы директоры Нұрғалиев Асқар Қадірбекұлы «Қазатомөнеркәсіп» жүйесінде 2012 жылдан бері қызмет атқарып келеді. 2023 жылдың ақпан айынан бері «Инкай» біріккен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры қызметін атқарып келеді.

Асқар Қадірбекұлы өндіріс саласындағы елеулі еңбектері үшін 2022 жылы қаңтар айында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ алғыс хатымен, 2022 жылдың шілде айында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ-ның құрылғанына 25 жыл мерекелік медалімен, 2022 жылдың қыркүйек айында «Қазақстанның Ядролық қоғамы» Ассоциациясының III-дәрежелі қола Құрметті төсбелгісімен, 2022 жылы қыркүйек, қараша айларында Созақ ауданы әкімінің кәсіби төл мерекемен және Серіктестік ретінде Созақ ауданының әлеуметтік саласы бойынша зор қолдауы мен жергілікті халыққа деген елеулі ілтипаты үшін Алғыс хаттарымен марапатталған. Ел игілігі жолында ерен еңбек сіңірген азаматтың алар асуы алда деп білеміз. Ең бастысы елден алғыс алу парыз

Мынау заманда -Өркенің өссін, балам!-деген анаңның ақ алғысынан артық алғыс болмас. Анадан алған ақ жарма алғыс мұхитты жарған мұзжарғыш кемедей сенің өміріңнің сан тарау жолдарында жаныңа жалпау, көңіліңе медет болары анық.

Сонау бала кезімізде сөмкесі ауыр апа көрсек көмек беруге ұмтылатынбыз. Автобуста түрегеп тұрған жасы үлкен кісі көрсек, орын ұсынып, автобустан түсерінде қолынан демеп тұруға ықыласты болдық. Сонда әлгі кісілер алғыстың түр-түрін төге салатын.

«Жасың ұзақ болсын!» «Ғұмырлы бол!» «Бақытты бол!», «Жаманшылық көрме!» «Ниетіңе жет!» деп ыстық ілтипатын білдірсе одан сайын қол ұшын соза түскің келетін. Кейін алыс сапарлар да, қиыншылықтар мен ауыртпалықтарда сол үлкендерден алған ақ бата-ақ алғыстар қақпайлап қорғап жүретінін іштей сезінетінбіз. Осы алғысқа жету үшін үйде ата-анамыз, мектепте ұстаздарымыз «Үлкеннің алдынан кесіп өтпе, өткізіпжібер», «Жасы үлкен кісіге, қарт кісіге көмек беруге тырыс», «Үлкеннің сөзін бөлме!» «Ауыр затты көтерген қарт адам көрсең міндетті түрде қол ұшын сөз», «Өтірік айтпа!», «Қарғыс алма, алғыс ал!» деген сөзді санамызға сан мәрте құйып, өсірді, ержеткізді.



*Игі дәстүр осылай.
Әр адамнан тараған.
Досқа қайыр, елге үлгі.
Дәстүрім бар жалғасар.
Ұлтқа ұран ұлы сөз.*

«Қарғыс алма, алғыс ал!»-демекші, өндіріс саласында өзіндік із қалдырған «Қазатомөнеркәсіп-Сауран»

Ұлы Жеңіс күні құрметіне серіктестіктің бас директоры және қызметкерлері «Созақ серілері» тобымен Ұлы Отан соғысының ардагері, ардагер ұстаз, он екі баланың әкесі Қозмолдақ ауылының тұрғыны Жылысбаев Мырзахмет қарияның үйінде болып, сый-сияпаттан бөлек шағын мерекелік шара ұйымдасты-

болмақ. Асқар Қадірбекұлы бауырымыздың пайымды да парасатты жолы қайсыбір мекеме, өндіріс басшысына өшпес өнеге, ұлағатты үлгі екені анық.

**Мақсат ҚАРФАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.**


Сонау сексенінші жылдары Созақ өңірінде құрылған «Қаратау әуендері» ансамблінің жетекшісі болған Ермек Әуелбеков кім? Ермек Әуелбеков 1959 жылы дүниеге келген. Әкесі Әуелбеков Қодас Жуантөбе совхозында заготовитель болып істеген. Жуантөбе совхозы алғаш құрылған жылдары жас маман, тапшы кадр, арнайы жолдамамен барғандар, тікелей тапсырмамен, партияның жіберуімен барған жұмысшы-қызметкер көп болды.

Сол жылдары Қодасов Әуелбек совхозға өзі дайындаушы, әнші Зиякүл дүкенші болып барады. Кейін әкесі жеке өз алдына бір отар қой алып, мал шаруашылығымен айналысады. Бала Ермек мектеп жасынан өнерге құштар болып өседі. Нағашысы өнерпаз Тасболат Шабәқовтарға ұсап сахнада өнер көрсеткісі келеді. Жиын, той, кішігірім ауыл тойларында домбырамен, гитарамен ән салып жүреді.

Кейін мектеп бітіріп Алматы қаласына өнер, білім іздеп сапар шегеді. Өнер институтына оқуға түседі. Жас талант институт қабырғасында

ыр жүкпен спектакльді ойнап шықты. Қазір ойлап отырсам әлі күнге дейін жүрегім ауырады.

Айгерім, Жанболат, Жанар деген қайным мен қайын сіңлілерім болады. Бір бөлмеде сығылысып, тығылысып жатсақ та оқуларын оқыды. Кейін келіп, кетіп араласып тұрды. Қиналған кезімде де, қуанған кезімде де осы балалар жанымнан табылды. Осы күнге дейін жанжаларымызбен араласып тұрамыз. Ағасынан қалған Дидар жиендері бар ғой онымен де араласып тұрады. Менің Ермектен 7-8 жас үлкендігім болды. Менің алдымда Ерекеңнің семьясы болды. Қазір үлкен қызы бар. Дидар сөйлесіп тұрады. Өкінішке орай Ерекең ешкімге бармайтын, ешкімнен көмек сұрап ешкімге кішіреймейтін. Әншілік дарынын қабілетін ешкім бағаламады. Сүйеніші, тірегі, қолдаушысы болмады ма? Клипке түсіру ақша, оны телеарнаға беру ақша, қиыншылық уақыт жүрегіне салмақ болды ма? Әндері дискіге жазылып қалды. Театрға келді. Театр істеді. Қыздардың бәрі таласып, «Мені сүйе-



Сабыр Батырбеков.

Бүгінде Ермек ағамыздың орындауында айтылған әндер тек дискілерде сақталыпты. Ол дискілер Лидия жеңгеміздің қолында екен. Ермек ағамыздан Дидар есімді жігіт бүгінде эстрада әнші ретінде елге танылып келеді. Дидардың Диар есімді ұлы яғни Ермек ағамыздың немересі де өсіп келеді.

Дидар Кәден деген лақап атымен тыңдармандарына танымал болған әнші жігіттің төлқұжаттағы есімі Дидар Ермекұлы екенінде естеріңізге саламыз. Жылдар өткен сайын талант иелерінің есімі елі мен жұрты бар да өшпек емес. Қайта жаңғыра, жаңара түседі. Оның куәсі бүгінгі күні көздері тірі ел азаматтарының есті естеліктері куә бола алады. Ән өнері көгінде ақша бұлттай ағараңдап, көк аспандай күлімдеп жүретін арда азаматтың айқара есімі елі бар да ел аузынан түспесі анық.

Біріншіден адами қасиеті жоғары адам, өнер десе ішкен асын жерге қойған. Өнерде ойып алар өзіндік орны бар азамат. Мен 1994 жылы осы Алматы қаласына өзі әкеліп,

Ермек әншіні ел ұмытты ма?

жүрген сәттерінде де көпшілік тыңдармандарының ыстық ықыласына бөленеді. Өнер саласында жүріп Ақтөбенің ару қызы, болашақ өнер жұлдызы, кино актрисасы Лидия Тәжідіңқызы Кәденовамен жұлдызы жарасады.

Лидия жеңгеміз сол уақытта өнер саласында енді-енді аяқ басып келе жатқан айдай әсем аяқ болатын.

Жанар Шабәқова: «Ермек аға менің әкемнің әпкесі Зиякүлдің тұңғыш ұлы болатын. Өте келбетті, ашық көңілді, ақкөңіл, кішіпейіл азамат еді. Сонымен бірге бауырмал, ағайын туысқа деген туысқандық жүрегі кең болды. Біздің бәрімізді жақсы көрді. Оқуға барғанымызда аядай бөлмесінде бірнеше адам тұрып, оқып, білім алдық. Ал кейін Лидия жеңгемізбен көңіл жарасып барынша бақытты өмір сүруге тырысты. Лидия жеңгеміз де ақкөңіл, бір-біріне сай, бірінсіз бірі өмір сүре алмайтындай махаббатпен ғұмыр кешті. Ермек-менің жиен ағам. Сол кісі бір жолы гастрольмен ауылға келетін болды. Сол кезде Лидия жеңгемізді алғаш көрдік. Белі қылдырықтай, қара қофта, юбасы, жалпақ белдігі тұла бойына жарасқан он сегіз жасар қыз еді. «Ереке-ау, Ермек-ау» деп, сызылып жүрді. Тағы бір жолы жазда ағайын ағамыз үйленетін болып екінші рет келді. Сонда үйдегілер «демалыңыз, демалыңыз» десе «жоқ» деп басына орамал байлап алып, салат істеуге, көмектесіп жүрді. Мен әртіспін, мен мынадай адаммын демейді. Өте қарапайым болатын. Әлі де сол бәз баяғы қарапайымдылығы сақталған.

Лидия жеңгеміз ағамыздың тамағын дайындап, күтіп алып, шығарып сап, өле-өлгенше Ермек ағамның жұбайы ғана емес анасындай қас-қабағына қарап өтті. Мен әйел баласының ішінде мұндай асыл әйелді бірінші көруім оның тектілігіне дән ризамын. Ер азаматына деген сүйіспеншілік, ер азаматына деген құрметін өте керемет бағалаймын.

Ағам өмірден өтетін күні театрда бүкіл халыққа алдын ала билет сатылып қойған. Ермек ағам хал үстінде деген суыт хабар келді. Лидия жеңгеміз гримделіп, киініп сахнаға шығуға дайын. Ағамның жағдайын естіп қойған. Сонымен «Үлгереміз әлі демі бар. Сахнаға шықпаса болмайды» деп тұр. Ол уақытта өте қиын кезең. Сонымен сахнада ойнап шығады. Сондай ау-

мелде, мені сүйемелде!» деп гитарамен ән айтатын.

Сосын көбіне үндемейді көзімен ғана білдіретін. Сол өнері, кескін келбеті тартқан шығар мені өзіне. Оның үстіне мен де біраз жасқа келдім. Отбасымен ажырасып, оқуға түсіп, Степнойда бұрғылау қондырғысында жұмыс істеп, арада он жылға жуықтағанда менімен кездеседі.

Бір адамның ала жібін аттамайтын, шыншыл, ұнамаса Шымкентше боқтап жібереді, бетіне айтатын айта алатын, жесе таяғын жейді, бірақ шындығын айтатын. Адал болатын. Қолындағы соңғы бір түйір нанын досымен бөлгісі келіп тұратын. Досшыл азамат болды. Менің сол достарына әлі күнге дейін өкпем бар. Доспын деп жүрген адамдар келіп топырақта салған жоқ. Доспын деп жүрген адамдар жиырма жылдай

жекешеленіп кетті. Сонда әрине ер азаматтың, аяқ-қолы балғадай жігіттің әйелінің қолына қарап отыруы да қорлық саналады ғой. Ол жағдайда оның жүрегіне салмақ болған шығар. Соның бәрі іштей жүрегіне әсер етті ме жүрегі тоқтап қалды. «Келіндер көтерілісі» деген комедиялы спектакль қойылатын болатын. Соны көз жасыма ерік бере жүріп ойнап шықтым. Мен үшін ол ең ұзақ спектакль болды. Іштей қан жылап жүріп ойнадым дейді жары Лидия Кәденова.

«Ермек бауырымызбен ауданда ансамбльде болсын, түрлі мәдени шарада болсын бірге жүрдік. Өте шыншыл, адал, біртоға жігіт болатын. Қаланың жігіті сияқты сұңғақ, білімді, өнерлі жан еді. Кейін Алматыға барғанда Шоқан Уәлиханов туралы киноға кассинг жарияланып сонда режиссер:- мына жігітке кассингтің керегі не? Мен нағыз Шоқан



қысқартуға түсіп қалғанда бір сәт келіп хабарын алмады, көмектеспеді, қолында билігі, қарамағында жұмыс орны бола тұра жұмыс ұсынбады, достық көмегін көрсетпеді. Осы достыққа жарасатын қасиет пе?! Теміржолшылар мәдениет сарайында директордың орынбасары болып істеді. Сол жерде қысқартылып кетті. Кейін ол мәдениет сарайы

Уәлихановты ойнайтын жігітті таптым деп қуанып кетеді. Екі жүзге жуық талапкерлердің ішінен Ермекті таңдайды. Бірақ Ермек киноның түсіріліміне бармай, кино түсірушілер ары бері бірнеше күн іздеп таппай, ақыры Сағи Әшімовті таңдау түседі,-дейді өткен жылдар естелігінен көз алдынан өткізе естелік айтқан орталық кітапхана директоры

осы Темірбек Жүргенов атындағы өнер институты болатын, қазір академия, сол оқу орнына өзі қолымен жетектеп, осы өнер ордасына әкелген осы кісі болатын. Әлі де рахметімді айтамын. Жүрегі сондай кең. Бұл кісі байлыққа, мансапқа қызыққан адам емес. Тек қана жүрегі таза, өнерге деген өмірге деген құштарлығы мол жан еді. Қазір өнер адамдарының ішінде көп жүремін ғой, қай жерде, қай кезде болмасын бір жаман сөз, бір жөнсіз әңгіме естімеппін. Қазір шоу бизнестің заманы өнер адамдары түрлі қауесет, шын да болуы мүмкін әңгімелер естисің. Ал бұл кісінің соңынан «Ерекең! Ерекең азамат!» деген сөздерді ғана естіппін. Ол кісі сондай қайталанбас тұла болатын. Әдемі бір қалжыңдары бар. Сондай бір кезкелген ер азамат болсын, әйел адамы болсын «жаным, жаным, күнім, күнім» деп адамға бір жаман сөз айтты, сес көрсетіп жүргенін мен өмірімде өнерде де естіп, көрмеппін.

Кез келген адаммен Ерекең туралы айтып қалсаң Ермек ағамның жүрегінің тазалығы туралы көп нәрсе айтады. Ән орындау жағында қазақтың құлағының құрышын қандыратын өзінің әдемі дауысы бар әнші. Әнін тыңдаған адам елітіп отыра беретін. Оны көзіммен көріп, талай жерде өзім оған да куә болдым. Не деген дауыс, не деген керемет! деп. Қалада пәтерде тұрамыз ғой. Сонда көршілеріміз болды. Үйге қонақтар келіп қалды. У-шу болуы мүмкін. Ертесіне қонақтар кеткен соң көршілерден кешірім сұраймыз ғой. Сонда олар: «Қайта рахмет. Қайта Ермек өлең айтқанда біз демаламыз, Керісінше бізге жақсы. Оның әнін, гитарамен айтқан әні әсерлі шығады деп қошеметін білдіріп жатады. Әндерінің бәрі жүрек тебіртетін еді. «Досқа сыр», «Ауылға», «Жас ару», «Әжемнің қолдары» деген көптеген әндері тыңдарманның жүрегіне толғандырып, кез-келген жерде жұрттың бір әнді қайта-қайта айтқызын сәттері болды. Тума талант, керемет кісі еді. Аллаға да жақсы кісі керек. Біз ол кісі туралы тек жақсы сөз, жақсы естеліктер ғана айта аламыз.

Иә, ағамыздың қасында Сәкен Майғазиев сияқты талантты інілері де болды. Ол азаматтардың да ағамыз туралы айтар естелігі де бар шығар.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Антонина жеңгеміз ауылдың абыройлы келіні

Сызған ауыл әкімшілігінің орталығы Қозмолдақ ауылы. Ал ауыл әкімдігінің атын иеленген Сызған ауылы сол Қозмолдақ ауылының іргесінде орналасқан. Негізі дұрысы Қозмолдақ ауыл әкімдігі болуы керек. Әрине, көнелігі жағынан Сызған, Кәріғаш елді мекендері ертеден орныққан, қатарласа иіні тіресіп орналасып, бертінде қосылып кеткен. Осы ауылда Арқарұлы Қарабек деген ағамыз тұрады. Бала жасынан еңбекқор, туа бітті еңбекпен есейген десек те болады. Соңғы бірнеше айлардан бері Қарабек ағаммен әңгімелесуді өзіме ниеттеп жүрсем де кездесудің орайы келмей қойды. Қайсыбір күні аудан орталығындағы базар ішінде жолығысып қалдық. Қасында Антонина жеңгеміз жүр. Қарабек нағашым:

-Тоня, мына жігітті таныдың ба?-деп сұрап қояды.

-Иә, Жеңіс ағайдың баласы ғой!-дейді жеңгеміз жымыя күліп. Сол жолы да ағамыз да, мен де шаруа басты болып әңгімелесе алмадық. Орайлы істің өз сәті болады демекші ақыры жолығысып, жөн сұрасудың да сәті түсті.

-Ал енді әңгімеді басынан бастап айтайын,-деп Қарабек ағамыз ырғала отырып жайғасып алды. Атамыз Арқардан Кәдірбек, Сұлубек, Сұлтанбек деген үш ұл дүниеге келеді. Сұлтанбектен төрт бала, екі қыз олар Кентауда тұрады. Сұлтанбектен үш бала, екі қыз. Сұлтанберді, Орынбек, Әнуар. Тәттікүл, Мейіркүл. Бәріміздің шешеміз бір-екі жылдың көлемінде қайтыс болды.

Менің әкем Кәдірбек 1912 жылы, анам Шәйкүл 1924 жылы дүниеге келіпті. Әкем отыз үш жасында он сегіз жастағы анама үйленіпті. Содан Алланың берген төрт ұл, үш қызы-Жақсыбек, Қарабек, Жасымбек, Қасымбек. Шырынкүл, Тәжікүл, Сара деген перзенттер тарады. Жеті перзентті асырап бағу үшін әкем ауылда пошташы болып істеді. Әрине, ауыл іші болған соң қарап отырмай басқа да түрлі салада жұмыстар атқарды. Алдында малда шаруашылықта болды. Інісі Сұлубек жұмыс барысымен Кентауда тұрады. Кенже інісі Сұлтанбек те қой жайды. Әкеміз бізді дүниеге әкелуіне себепші болып, одан бізді асырау үшін қолынан келетін совхоздағы бар жұмысты атқарып шықты. Анам 1969 жылы дүниеге салды. Анамның қазасынан кейін әкем үйленбей «осы балаларды кімге тұркілетіп, кімге жаутаңдатам» деп жалғыз қартайды. Анамыз өмірден озғанда әкеміз 55 жаста екен. Шешем 40 жасында кетті. Сонымен әкем діни кітаптарды іздеп жүріп оқып, ислам, оның ішінде Имам Ағзам мәзхабын ұстады да осы ауылдың молдасы болды. Әкем келе жатқан кезде алдынан ешкім кесіп өтпейді екен. Бір айтқан сөзі екі болмайтын. Осы ауылға Қозмолдақ, Сызғанға беделді адам болып, жүрді.

Мен бесінші класта оқып жүргенде әкем қайтыс болды. Үлкен ағам Жақсыбек Кентауда тұрды. Одан кейін екі әпшем бар біреуі Созақта, біреуі Астанада қазір. Кішкентай қарындасым да Астанада. Шырынкүл деген әпшем Созақта тұрады. Тарақтыға тұрмысқа шыққан, зейнеткер. Одан кейінгі әпшем 1954 жылғы Тәжікүл деген Астанада балалы шағалы. Одан кейінгі қарындасым Сара Астанада ол да зейнеткер. Мен өзім сол алтыншы класта шешемнен қалғаннан кейін сол аға-әпкелеріммен жабылып, біреуіміз малды жайып, біріміз үй жинап, біріміз ауқатымызды дайындап әйтеуір, сөйтіп жүріп ержеттік. Оныншы класты 1973 жылы бітірдім. Мен сол оныншы класты бітіргенше әкемнің денсаулығы болмаған соң, әкемнің орнына хат-хабар таратушы болып істедім. Ауданнан келген газеттерді уақытылы әкеліп таратам. Сызғаннан төртінші класты бітіріп Қозмолдаққа



барып оқыдым. 1973 жылы күзде училищеге барып, көктемге дейін шоферлық курсты оқып, сол жылы майдан бесінде әскерге шақырылдым. Әскерде Хабаровск аймағы, Еврейский автономиялық облысқа бардым. Отан алдындағы борышымы өтеп, елге қайтып келіп жаңағы Сұлтанбек деген көкеме көмекші болдым. Он жыл совхозда көлік жүргізуші болып жұмыс атқардым. Көктем, күз совхоздың малын қырықтым, қырқымға ауылдан бос жүрген адамдарды ұйымдастырдым. Көмекші болып жүріп күздің күні 1977 жылы күзде Бетпақтан малды айдап келіп сол кезде пункт еді ғой. Пункттен кейін бұйрық түсіп Тоняға үйлендім. 1977 жылы екінші ақпанда екеуіміз бас қостық. Алланың берген екі қыз, үш баласы бар. Үлкені Дана деген қызым. Жаңақорғанда тұрады. Одан кейінгісі ауылда «Каткода» жұмыс істеп жүр. Төрт ұл, бір қызы бар. Одан кейінгі Руслан деген балам Шымкентте тұрады. Қазір Ресейде жүр. Оның да екі ұл, бір қызы бар. Оның қызы жетінші сыныпта, ұлы сегізінші сыныпта оқиды. Кенжегі бірінші класс оқиды. Нұрай деген қызым көгалдағы хоккейден Тараз қаласынан күміс медаль, Шымкенттен қола, Қапшағайдан қола медаль жеңіп әкелді. Одан кейінгі Зарина деген қызым Созақта. Үш ұл, бір қызы бар. Ол сол жерде садикте психолог болып жұмыс істейді. Ең кішкентай балам осы ауылда қолымызда тұрады. Трактор сатып алғанмын, сол трактормен ауылдың қоқысы бар ма, тасы, топырағы бар ма, әрі елге пайда, әрі өзімізге пайда соны тасып беріп күн көріп жүр. Солай біреуден ілгері, біреуден кейін елге қызмет етіп жатырмыз. Қыс болса үйлерді жылыту жағынан көмір әкеп тұрамыз. Кішкентай Әлім деген балам мен Гулманат келінімен Кәусар, Асыл, Айсұлтан атты екі ұл, бір қызы бар. Мен өзім елге біраз қызмет еттім. 1990 жылдары жаман заман болды ғой мен малдарымды сатып соған ұн әкеліп, қалаға барып-келіп сондай жұмыс істедім. Алғашқыда жаяу барып келіп жүрдім кейін машина алдым. Одан соң тауға барып бақшалық ектім. Пияз картоп, сәбіз дегендер мол болды. Бар-жоғы 40 сотық жерге ектім. Сөйтіп өнімдерімізді сатып, оған ұн әкеліп осы ауылды ұнмен қамтамасыз еттім. Сөйтіп сол жерде мал бақтым, әрі мал жинадым. Ары-бері келе жатқан, кетіп бара жатқандарға сусын беріп, одан жаман болған жоқпын. Содан 2010 жылы трактор алып, шаруашылықты көбейтіп сиыр алдым, малды көбейтіп «Анкадор» тракторын алдым. Сол «Анкадормен» елге не керек соны істеп жатырмын. Зейнеткерлікке шыққаным төрт жыл болды. Зейнетке шықсам да қарап қол қусырып

отырмаймын. Тойға бара жатып немесе қайтып келе жатқанда талай боздақтар кетіп қалды ғой. Сосын осы елге бір тойхана салып берейін деген ой болды. Бала-шағаммен жабылып ауылдың шетінен тойхана салдық. Келген адам келеді, келмеген адамға ешкімнің өкпесі жоқ қазіргі заманда. Әйтеуір құран бола ма, басқа бола ма тапсырыс болса істе дегенін істеп береміз. Міне, сондай жағдайлар боп жатыр. Мысалы үшін, үш жүз адамға тапсырыс беретін болса, соған он екі адам даяшы боп жұмыс істейді. Екі аспаз, екі қамыр жаятын қыз-келіншек, одан кейін ыдыс аяқ жуатын екеу, еден жуатын бір адам, жиырма-отыз адамды жұмыспен қамтамасыз етемін. Егер жұмыс болып тұратын болса, келе қояды. Тапсырыс болмаса өзінің басқа жұмыстарын істей береді. Енді менің тірлігім осы. Жоғарыда айттым ғой, апаңмен 1977 жылы басқостық. Баяғыда совхоз болғанда әр совхозға жан-жақтан әр ұлттан кісілер келді ғой. Біреуі аспаз болды, біреуі ағаш ұстасы, токарь, дәнекерлеуші болды. Солардан біз көп нәрсе үйрендік, олар бізден жергілікті салт-дәстүрімізді үйренді. Сонымен Тоняның әкесі Александр деген кісі Тасты совхозына әйелі Наташамен екеуі келіп Тасты совхозында ағаш ұстасы болып жұмысқа кірген. Содан мына Тоня (Антонина) Тасты совхозында дүниеге келген. Маған келгенге дейін аты-тегі Антонина Браташ болған ғой Маған келгеннен кейін менің фамилияма етіп алды. Ата-анасы жақсы кісілер еді. Созаққа көшіп келіп төртінші класқа дейін Созақта оқыған. Одан келіп ауылда оқыған. Александр Браташтың екі ұлы, екі қызы бар. Үлкені Тоня одан кейін Генасы өткенде күзде қайтыс болды. Одан кейін 1963 жылы туылған Иваны «Каткода» жиырма жылдан бері тракторшы болып жұмыс істейді. Бәрі қазақша біледі. Әкесі осы ауылда Махмұт деген кісіге өкіл іні болды. Ән айтатын, қазақшаға бәрі судай. Енемізде қазақ тілін жақсы білетін, керемет адам еді. Кіші қызы Аня 1964 жылы туылған, Шымкентте жұмыс істейді. Ауылдың астында мазардың бер жағында Үштөбе деген жер бар. Сол Үштөбенің жанында баяғыда 1932-37 жүз шақты үй болған екен. 1932 жылы ашаршылықта быламықты ауылдың мына шетінен берсе мына жағы өле беріпті. Тұзы жоқ быламық адамды ісіріп өлтіре береді екен. Сөйтіп өлген адамдарды күрек бойы қазып бетін жауып кете берген. Сөйтіп сол жерде қырық-ақ үй қалған екен. Соны баяғы әкеміздің әкесі Арқар деген кісі болған ғой. Әйелі Жұпаркүл үш баласы туған. Сол үшеуін аман есен алып қалам деп сол жерде жұмыс істеп, бір түйір тұз тауып әкеліп соны быламыққа бір шылап алып береді екен. Содан енді ержетіп көтерілген кезде 1942 жылы соғыс басталып үш баласын да соғысқа алып кетеді. Соғыста екеуі тұтқынға түседі. Алайда үшеуі де елге аман есен оралады. Кішкентайы Сұлтанбек 1945 жылы 7 мамыр күні Рахымжан Қошқарбаев Рейхстагке ту тігуге екі күн қалған кезде бір қолынан айырылады. Сол қолды кестірмей ауылға келеді. Сол жарымжан қолымен талай адамды күресте жыққан, балуан кісі екен. Мен сол жарым жартылай көмілген жерге осыдан жеті-сегіз жыл бұрын белгі тас апарып қойдым. Оны біреу былтыр ұрып сындырып, талқандап тастапты.

Сосын тағы да тас белгі апарып қойдым. Өйткені сол жерде ата-бабаларым, оның ішінде Арқар атамыз жатыр. Әйтеуір мына жерде ата-бабаларымыз жатыр ғой деген тірілерден белгі ғой. Жыл сайын 31 мамырда ата-бабаларыма, жалпы әруақтарға

арнап құран берем. Қуғын-сүргінді еске алу күніне биыл тағы да Алла қаласы ас берем бе деп ниет етіп жүрмін.

Бетпақ далада Сызған совхозының Сарысу өзенінің бойындағы «Қос құдық» деген қырым қорасының қасында Ахмет Ишанның кесенесі болатын.

Ахмет Ишан туралы менің естігенім ол жетім бала болған екен. Жетім бала болып, әке-шешесі жоқ әр жерде жүріп, Ташкентке ары-бері қатынаған керуендермен ілесіп кетеді ғой. Ташкентке барып, сонда оқиды. Медицина жағын оқып, ержеткен соң келіп, Сарысудың бойында әр жерде қоныстанған елге емші болады. Сонымен қатар, Ахмет саятшылықты көп ұстаған адам екен. Сөйтіп көрген-білгенін айтып Сарысудың бойынан халықты отырықшылыққа үйретіп, бақшалық еккізген екен. Төменде ағып жатқан суды қырдың басына шағарады. Егіс егеді. Сөйтіп жүрсе бір күні байдың қызы соқыршек болып ауырыпты. Енді менің естігенім, көзімнен көрген жоқпын. Бай Ахметке кісі жібереді. «Көзі ашық жас бала, білсе сол біледі» деп. Балаң жігіт ауру қызды барып көріпті. Түйнек болып ауырған депті. Соқыршекті ол кезде түйнек дейді ғой. Емші бала байға: - Құрғақ жерге бір киіз үй тігіп маған қызыңызды бересіз дейді. Берсеңіз аман қалуы мүмкін, бермесеңіз бұл қыз өледі, сіз маған сеніңіз де маған он адам беріңіз. Киіз үйдің бір жері ашық болмауы керек дейді. Сосын мақұл деп уәдесін алып, қызды береді сонымен емші қызды сояды ғой. Сол кезде он жігіттің біреуі «бұл неғып жатыр?» деп жарықтан қарайды ғой. Емші болса қызды шешіндіріп тастап, ішін жарып жатыр екен. Әлгі жігіттің басына жаман ой келіп: Мұны байға айтайы деп жалма жан байға барып айтады. Бай ашуға мінеді. Қыздың анасы ақылды кісі болған екен «басында уәде қып бердің, енді шыда, бермеген күнде қызың өлетін еді ғой, ақырын күтейік» дейді. Бай аяғына дейін шыдайды. Бір кезде келіп байға «міне қызыңыз аман қалды, мынау әлгі менің кесіп алған соқыр шегі деп бір түйір етті байдың қолына ұстатады. Содан бұны бай емші баланы аспанға көтереді. Анау мынау заттарын әпереді. Дәрі-дәрмегін әпереді. Астына ат мінгізеді. Бұл жігіт өзі шөптен де дәрі жасай беретін адам екен. Сөйтіп сол өзен жағасындағы елді емдейді. Сөйтіп жүріп емші жігітке халық Ишан деген ата береді. Алыс-жақыннан ауру сырқаулар құйылып келе бастайды. Ахмет өзі ат баптап, тазы жүгіртеді, қақпанға түскен, иті ұстаған аңдарын кей-кейіптеріне бөліп беріп қараша жұртқа көмегі тиеді. Бертінде Ташкенттің адамдары келіп Өзбекстанға алып кетеміз дегенде «мен халқымды тастамаймын» дейді. Сонымен саятшылық жасап жүріп, Оның Алматы жақта тұратын ағайын-ұрпақтары бар екен, Ишан қайтыс болғаннан кейін келіп басына сағана салыпты. Сағананың шырақшысы болыпты. Ол бір күн тамақ ішсе бес-алты күнге дейін ештеңе жемейді екен. Сағананың ішінде жатады екен. Жан жағындағылар тамаққа шақырса кішкене ғана жейді екен. Үйленбеген. Кейін ол қайтыс болғаннан кейін сол жерге оны жерлеп қояды. Ташкент қаласы қайта-қайта қозғала берген соң, Ташкенттің адамдары келіп сүйегін қазып әкетіп, Ташкентке апарып қояды. Содан кейін Ташкентте жер қозғалғанын қойыпты. Бұл менің үлкендерден естіген әңгімем еді.

Оның іші бос. Сарысудың бойында тұр. Бетпақты бір аралап қайтуды аңсап жүрмін. Алайда бір реті келмей жатыр,-деп Қарабек ағамыз әңгімесін аяқтады.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының №163 ШЕШІМІ

Шолаққорған ауылы 2023 жылғы 5 сәуір

Созақ ауданының Қарақұр ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 14-бабының 6 тармақшасы, 21-бабының 4- тармағы, 22 бабы негізінде Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Созақ ауданының Қарақұр ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде- Қарақұр сайлау округі Қарақұр ауылдық округі шекарасында құрылсын.
2. Қарақұр сайлау округі, оның шекаралары және аудандық аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері (Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №5) аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және «Sozak uni» газетінде жариялансын.

Комиссия орынбасары М.Асқаров
Комиссия хатшысы Р.Оспанов

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының №164 ШЕШІМІ

Шолаққорған ауылы 2023 жылғы 5 сәуір

Созақ ауданының Қарақұр ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 133 бабына сәйкес Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ:**

1. 2023 жылғы 14 мамырға Қарақұр ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалсын.
2. Әкімдікке кандидаттар ұсыну 2023 жылғы 6 сәуірден басталсын.
3. 2023 жылғы 14 мамырға тағайындалған Қарақұр ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі қоса беріліп отырған негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.
4. Осы шешім аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және «Sozak uni» газетінде жариялансын.

Комиссия орынбасары М.Асқаров
Комиссия хатшысы Р.Оспанов

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 5 сәуірдегі №164 шешіміне қосымша

Созақ ауданы Қарақұр ауылдық округі әкімін сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

1. Қарақұр ауылдық округі әкімі сайлауын тағайындау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы (133-б.)
2. Сайлау округінің тізімін, шекарасы мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 15 сәуірге дейін (22-б.2-т.)
3. Аумақтық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 15 сәуірге дейін (13-б. 4-т.)
4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 20 сәуірге дейін (17-б. 2-т.)
5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудан әкімі Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімде- 2023 жылғы 20 сәуірге дейін (23-б. 5-т.)

6. Әкімдікке кандидаттар ұсыну
Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар
Сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге жиырма бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. (113-3-б. 1-т.)
7. Әкімдікке кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі-Сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау үшін жинақталған құжаттарды мемлекеттік қызмет істері жөніндегі облыстық департаментке ұсыну
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы (113-2-б.)
8. Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Әкімдікке кандидаттың Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б.2-т.)
9. Әкімдікке өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған кандидаттарға, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Кандидаттың Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күндік мерзімде (113-4-б.)
10. Әкімдікке кандидаттарды қолдап жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органның жұмыскерлерін тарта отырып Қол қою парақтары аудандық аумақтық сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күндік мерзімде (113-4-б. 8-т.)
11. Созақ ауданы әкімі аппаратының шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізуі
Әкімдікке кандидаттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін) (113-5-б. 2-т.)
12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну
Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) (113-5-б. 3-т.)
13. Кандидат және оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру
Мемлекеттік кіріс органдары Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде (113-5-б. 3-т.)
14. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен жиырма күн бұрын жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады (113-5-б.)
15. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)
16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру
Аудан әкімдігі және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)
17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу
Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (27-б. 2-т.)

18. Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру, кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының бөлінген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудан әкімдігі және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)

19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша аудан әкімі қол қойған сайлаушылардың тізімдерін учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша ұсыну
Аудан әкімі Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын- 2023 жылғы 24 сәуір (24-б. 5-т.)

20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну
Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда 2023 жылғы 29 сәуірден бастап (26-б. 1-т.)

21. Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету
Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 4 мамырдан бастап (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын- 2023 жылғы 11 мамыр (37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау
Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда Жергілікті уақыт бойынша сағат 06:00-де (40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу
Учаскелік сайлау комиссиялары Сайлау күні, жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін (38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскелерінде әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау
Учаскелік сайлау комиссиялары Жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады (43-б.)

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпы жұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу
Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін- дереу (43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды аудандық аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну
Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін-дереу (113-8-б. 1-т.)

28. Әкім сайлауының қорытындыларын белгілеу
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей (113-10-б.)

29. Әкімді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей (44-б.)

30. Сайланған әкімді тіркеу, тиісті куәліктер беру
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін (45-б., 46-б. 3-т., 113-11-б. 1-т.)

Ескертпе:
Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

ХАБАРЛАНДЫРУ!**Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің назарына!**

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағар майды (дизель отынын) жеткізіп беруші ТОО «GREENFUEL» операторы Сәбит тел.8-702-202-00-01 ұялы телефоны, бағасы 205 теңгеден сатылымда тұрғандығын, қазіргі таңда жеңілдетілген жанар-жағар май Шолаққорған ауылдық округіндегі «AQNIET-2» жанармай құю бекетінде, Созақ ауылдық округіндегі «Теріскей» жанармай құю бекетінде тұрғандығын, ауылдық округтері мен кенттері әкімдіктерінің берген ұсынысына сай алуға ниет білдірген шаруаларға кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен талон арқылы берілетіндігі хабарланады. Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

Хабарландыру!

«Шолаққорған-Су» МКК мекемесінің 2022 жылғы тариф жөніндегі есебі 30.04.2023 жылы аталған кәсіпорынның ғимаратында өткізіледі.

Ш.ТУЛЕЕВ,
«Шолаққорған-Су» МКК директоры.

Конго-Қырым қанды (геморрагиялық) қызбасы ауруынан сақ болыңыздар!

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГҚ) – бұл вирус қоздырғышынан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру, науқас дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда, өлім жағдайына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының негізгі клиникалық көріністері: инкубациялық кезең (ауру қоздырғышын жұқтырғаннан аурудың алғашқы белгілерінің пайда болуына дейінгі мерзімі) 1-14 күнге дейін созылады, бұл кезеңнің ұзақтығы вирусты жұқтыру жолына байланысты болады.

Аурудың алғашқы белгілері: дене қызуының кенеттен 39-40С-қа дейін көтерілуі; қатты бас ауыруы; көздің қызаруы; бет, мойын және дененің жоғарғы бөлігінің қызарып, ісінуімен және мойын, арқа, белдің ауыруымен; лоқсу немесе құсу; іш ауыруы немесе өтуі;

Ауру одан әрі дамыған жағдайда: денедің бөртпелердің пайда болуы; мұрыннан, қызыл иектен, жатырдан, асқазаннан қан кету белгілері; ине енгізу орындарында қанталау (гематомалар) белгілерінің байқалуымен сипатталады.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы қалай жұғады? Негізгі жұқтырушы және ауру қоздырғыштарын тасымалдаушы кене болып табылады. Адамның ауруды жұқтыруы жұқпаланған кенемен қатынаста немесе кене шаққан жағдайларда, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруымен ауырып жатқан науқас адамға күтім жасау кезінде науқастың қаны және ағза бөлінділері, сыйықтықтары арқылы және КҚГҚ қоздырғышымен залалданған медициналық құралдармен жанама байланыс арқылы жұғуы мүмкін. Сондай-ақ, ауыл шаруашылық жануарлары, жабайы сүт қоректілерде (қояндар, кеміргіштер, кірпілер және т.б.) табиғи резервуар және қоздырғыш көзі болып табылады.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын-алуы: -табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қора-жайлармен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру;

-табиғи ошақтарда орналасқан тұрғындар малдарды күтіп қарағанда, қырқым кезінде кенелердің шабуылынан сақтану және кене қанымен жанасты болдырмау мақсатында жеке қорғану үшін арнайы киім кию қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған аяқ және бас киім, резіңке қолғап);

-табиғатқа демалысқа шыққанда кененің жабысқаны көрінетін ашық түсті, жақсы қорғалған, резіңкелі манжетті жеңі ұзын көйлек кию қажет. Денеге кененің жабысқаны тексеру үшін өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш бөлігі, дененің артқы жағы, т.б.), бір-біріңіздің үсттеріңізді мұқият қарап отыру қажет. Дененің ашық жерлеріне және киімге кенелердің шабуылынан қорғайтын немесе оны өлтіретін арнайы сақтану құралдарын қолдану қажет;

-кене шаққанда немесе кенемен жанаста болу арқылы аса қауіпті инфекцияны жұқтыру мүмкін болғандықтан, өзіңізді және өз жанұяңызды қорғау үшін міндетті түрде жеке басты қорғау, сақтану құралдарын пайдаланыңыз!

Кене шаққан немесе кенемен жанаста болған жағдайларда міндетті түрде медициналық ұйымға қаралуыңыз және 14 күн медициналық бақылауда болуыңыз қажет.

Х.ОСПАНОВ,

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұалімі Өмірәлиева Ләззат Қалиқызына әкесі

Өмірәлиұлы Қали қажының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты мен Созақ ауылдық ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері, Созақ ауданының «Құрметті азаматы»

Шәмәлі Тагиевтің

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Адам тірі жүргенде: сүйіспеншілік, таңқалу, өкпелеу, қуаныш-қайғы, мейірім-шапағат т.б. әртүрлі сезімдердің жетегінде жүреді. Осы сезімдерді шегінен асырмай тізгіндеп, оларды тұрақтылық пен тепе-теңдік жағдайында ұстай білген адам, өкінішке ұрынбайды. Осы сезім құбылыстарын

майтын қайшылықтарды ушықтырмай, ұрыс-керіссіз шешу. Және бір түрден, келесі бір ортақ пайдалы түрді шығара білу. Әрине, адамдар бір-біріне ұқсамайды. Сөйте тұра, бір-біріне ұқсамайтын екі адамның ортақ жанұя құрып, өмір сүруі де оңай шаруа емес.

Бақытты жанұяны құру

реді. Сондықтан жанұяда қандай бір кішкентай түсін-іспеушілік пайда бола бастаса оны тезірек сыртқа шығарып тастау керек.

Бірін-бірі құрметтейтін жанұялар шешім қабылдағанда кезде ақылдасып, ортақ жақсы жолды таңдайды. Бұлай істеу отбасылық келіспеушілік пен кикілжіңнің

Жанұя-жан жылуы

тізгіндеп білген адам – бақытты жанұя құра алады. Ішкі сезімдері құбылмалы пенделер құрған шаңырақ ұзақ ғұмырлы болуы қиын. Сондай-ақ өзімшіл, тәәппар адамдар да жанұя бақытын толық түсіне алмайды. Өйткені, жанұя бақыты – мейірімділік пен қайырымдылыққа негізделген.

Адам баласының өмірін тулап-толқып, буырқанып жатқан теңізге теңесек, сол бір асау бұйра жал толқындардың ығырынан шаршаған пенде бір сәт, жайлы ыстық құм төселген жылы жағажайға барып демалғасы келеді ғой. Ендеше, жанұя дегеніміз – сол бір ыстық жағажай. Адам арпаласып жатқан тірліктен шаршағанда барып жан тыныштығын табатын орын – өз жанұясы. Өйткені, жанұяда сыртқа шықпайтын қайғы-мұң, қуаныш-рәніштер бөлісіледі. Яғни, жанұяда бөліске түскен қуаныш көбейеді де, қайғы азайады.

Жалпы «Адамдар не үшін үйленеді?» деген сұраққа: «өмірді бөлісу үшін үйленеді» деп жауап беруге болады. Өмір деген әркез тептегіс, жап-жақсы бақытты, шаттықты күндерден ғана тұрмайды. Бақытты жанұя дегеніміз–бірін-бірі түсіне алатын, үнсіз сөйлесе білетін жұптар. Түсінісу деген –тұрмыста кездеспей қой-

үшін ерлі-зайыптылар бір-біріне тәуелді емес, алайда, бір-біріне адал, жіпсіз байланған түрде өмір сүруге дағдыланады. Бұл беріктік рухани жан-дүниелерінің жақындығымен, сезімдерінің тазалығы арқасында орнайды. Осы адалдық пен беріктік жанұяға ерекше серпін беріп, көңілге шаттық ұялатады. Егер бұлай болмаған жағдайда, олар сырт көзге күліп-ойнап, шаттықта жүрген сияқты көрінгенімен, рухани тұрғыдан жүдеу, құлдырап, құлауға дайын тұрады. Мұның соңы екі жақтың ажырасуына апарып соғады. Шаңырағы шайқалған жарымжан жандардың рухы күйзеліп, халі нашарлайды. Мұндай күйге ұшыраған тұста: дүние мен ақырет, ақыл мен жүректің тепе-теңдігін сақтау қиындайды.

Бақытты жанұяда ерлі-зайыптылар өздеріне тән жақсы қабілеттерін тұтшаламай, бірін-бірі бағалап, санасып отырады. Мәселен, ері әйелінің өзгермелі кездеріндегі сезім ауытқушылығына жылышырай танытып, көңілін аулайды. Әйелі де күйеуінің жұмыстан арқау келген бар ауыртпашылығын ұмыттырып, жұбата біледі. Жанұядағы талас-тартыс есікті жапқан кезде сыртта қалуы керек. Ішке кірген бүлік, отбасын бүлді-

болуына жол бермейді, талас-тартыс пен жанжалдың алдын алады. Нәтижесінде ортақ ақылдасудың жемісі – жанұяға шырай беріп тұрады.

Өмірде көп кездесетін мәселе–бақытты жанұя құру үшін, қоғамда дара тұлға болу шарт емес. Қоғамда тұлғалар көп болғанымен, үлгі-өнеге алатындары шамалы. Осындай бетке ұстар тұлғалардың үлгілі жанұя құруға дәрменсіздігі, олардың өмірінде заманауи түсініктердің басымдыққа ие болуынан. Яғни, олар жанұя мәселесінде, еркекпен әйелді бөліп-жарып, әрқайсысына жеке-жеке маңыз жүктеп, бала мен жігітті бөлек-бөлек категорияларға жіктеп, осы бөліністерді бір-бірімен байланысы жоқ деп, түсіну өте қате және бұндай түсінік бар жерде жанұялық береке-ынтымақ сақталмайды. Шын мәнінде еркек пен әйел бүтін заттың екі бөлігі болғаны сияқты, жастық, балалық, жігіттік, қариялық кезеңдер бірінен бірін бөліп қарайтын бөлек категориялар емес, өзен сияқты бөлінбей ағып жатқан өмірдің заңды жалғасы болып табылады.

Шолпан ЕСТАЕВА,
Аудандық архивтің қызметкері.

Біле жүріңіз!**Жалған банкроттық түбінде әшкере болады**

Кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігі салдарынан өз жұмысын мәжбүрлі тоқтатуы-банкроттық болып табылады. Әдетте, фирманың банкроттығы, көбінесе, олардың шығыны кірісінен асып кетуі салдарынан туындайды. Мұндай жағдайда борышқор тек соттың шешімі бойынша ғана банкрот деп танылады. Борышқорды банкрот деп таныудың негіздері, тәртібі мен рәсімі ҚР «А» 52-, 53-, 54-, 55-, 56-, 57-баптарында, «Банкроттық туралы» заңда (21.1.1997) көзделген. Осы актілерге сәйкес Банкроттық ерікті не ықтиярсыз түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер борышқор өзінің төлем қабілетсіздігі жайында сотқа арыз берсе, онда ол ерікті банкрот болып табылады. Алайда борышқор арызын соттың тиісті шешімінсіз кері қайтарып ала алмайды. Ал, ықтиярсыз Банкроттық туралы іс қозғауға кредит берушінің талабы негіз болады. Кейде фирмалардың алған қарыз ақшаларын жасырып қалу мақсатымен «жалған Банкроттыққа» ұшырау деректері де кездеседі. Бұл теріс әрекет ретінде танылып, заңмен қудаланады. Банкроттыққа ұшыраған кәсіпорынның кредит берушіге қарызын және басқа да міндетті төлемдерін өтеу туралы үшінші жақтың кепілдігі болмаған жағдайда сот баспасөзде борышқордың қаржы жағдайын жақсартып, кредит берушілердің тілек-шағымдарын қанағаттандыруына жәрдем беруге қабілетті заңды тұлғалар мен азаматтарға арналған тендер жариялай алады.

Егер бір ай ішінде мұндайлар табылмаса, кәсіпорынның Банкроттығы туралы іс заң құжаттарында көрсетілген тәртіппен қаралады да кәсіпорын мемлекеттік тіркеу регистрінен шығарылып, таратылады. Заңды тұлғалардың банкроттығы жағдайында оның салдары атқарушы директорға әсер етуі мүмкін. «ЖШС туралы» Заңның 44-бабына сәйкес, басшылық өзінің міндеттерін орындауға немқұрайлы қарағаны үшін келтірілген шығынның бір бөлігі үшін жауап береді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

БЖЗҚ**АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

Салымшылар мен алушылардың шоттарына таза инвестициялық табыс түрінде 777 млрд теңгеден астам қаражат түсті.

БЖЗҚ-дан төлемдер жыл басынан бері 1,1 трлн теңгеден асты. Төлемдердің басым бөлігін 902 млрд теңге мөлшеріндегі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЖТ). Баламалы мақсаттарға берілетін төлем көлемі өткен жылмен салыстырғанда 58% төмендеді.

Жасы бойынша төлемдер 22,6% ұлғайып, шамамен 109 млрд теңге болды. Айта кету керек, БЖЗҚ-дан кесте бойынша орташа айлық төлем сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) 29 876 теңгені, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 707 326 теңгені құрады.

Сондай-ақ, мұрагерлік бойынша төлемдер – 55,8 млрд теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – 45,3 млрд теңге, мүгедектік бойынша төлемдер – 2,2 млрд теңге, жерлеуге төлемдер-4,9 млрд теңге. Сақтандыру ұйымдарына шамамен 23,2 млрд теңге аудартылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сауапқа асығайық!



Рамазан – жай уақытта жасаған жақсылықтар мен салиқалы амалдар сауабының еселеніп жазылатын құтты айы. Сондықтан, бұл айда бар игілік иелері жақсылық жасауда өзара аламан бәйгеге түседі. Таудай күнелерің кешірім тауып, көрсеткен

бір жақсылығың сан мыңға еселенетін ерекше сауапқа толы айда Жаратушыға ықыласпен құлшылық жасап, жан иелеріне қайырым жасауға асыққан адамдардың ғана ұпайы түгел болады.

Жалған дүниеде ешқандай жан баласын мыңғырған малы мен есепсіз алтыны өлім атты ұлы күштен аман алып қалған емес. Алланың әділ үкімі пенденің бес күндік жалғанда жасаған ізгі істері мен игіліктері, қателіктері мен күнәлерін өлшеітін шынайы таразы табағының қорытындысымен шешіледі. Бүгінде хақ дініміз қанат жайып келе жатқан қоғамымызда Сіз де жақсылыққа асығыңыз.

Қайырымдылық демекші беріліп жатқан садақаларыңыз қабыл болсын. Осы орайда жыл өткен сайын ал өзімізде қасиетті рамазанда ізгі амал жасауға асыққандардың қатары артып келеді. Алла оларға шексіз разы болсын.

“Таза жүрек” акциясы аясында Созақ аудандық қазынашылық бөлімі бір мүмкіндігі шектеулі азаматқа азық-түлік арқылы қайырымдылық шараларын өткізді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Еңбек адамы

Мектеп қабырғасында жүргенде білім теңізінде жүздірген мұғалімдерімізге қатты ұқсағымыз келетін. Олардың қимыл-қозғалысы, киім-киісі, жүріс-тұрысы, ақыл-парасаты бізге үлгі болатын. Әрбір сөзі жүрегімізге жылылық нұрын құятын.

Солардың бірі- Нағашкүл Ахметова болатын. Апайымыздың өнегелі өмір жолына қатты қызығатынмын. Ол 1953 жылы 10 сәуірде бұрынғы ОҚО, Созақ ауданы Жартытөбе кеңшарына қарасты Бабата елді мекенінде дүниеге келген. Бастауыш сыныпты М.Мәметова атындағы мектепте оқып, орта мектепті сол кездегі Октябрьдің 50 жылдығы атындағы орта мектепте бітіріп шыққан. Сол жылы Шымкент педагогикалық институтының математика факультетіне оқуға түсіп, бітіріп, математика пәні мұғалімі мамандығын алған. Нағашкүл алғашқы еңбек жолын өзінің туған жерінен бастайды. Математика пәнінің мұ-



Ұстазым менің, ұстазым

ғалімі болып қызметке кіреді. Келесі жылы аудан орталығындағы Ә.Молдағұлова атындағы орта мектепке ауысады. Аталған мектепте төрт жыл шәкірт тәрбиелеу ісімен айналысады. Одан кейін табаны күректей отыз үш жылын, зейнеткерлікке шыққанша Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінде ұстаздық қызметке арнаған. Данышпан Абай айтқандай:

«Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға,- деген қағида-ны іске асыру жолында аянбай тер төгеді.

Талай жылдар жинақтаған тәжірибесінің, тынбай ізденудің арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткізген. Атап айтар болсақ: 1990 жылы «Үздік мұғалім» атағын алса, сол жылы «Шапағат» медалімен марапатталған. Н.Ахметова ұстаздардың ұстазы десем артық айтқандық болмас. Ол кісі- менің ұстазым. Мектепте Несербаева Маржан және мен, Нұрланова Гүлнар, Алшынбаева Эльмира бәріміз әріптес болдық. Тәжірибелі ұстаздан мұғалім мамандығының қыр-сырын үйрендік. Апай әр кезде шәкірттерін мақтанышпен атап отырады. Олар: Петерс Оксана, Бектаева Нұрсәуле, Ізтілеуова Ақмарал, Сармантаев Тұрғанбек, Бектаев Мұхтар, Мұрат, Әзімов Қайрат, Мейрманов Қайырбек, Боранбаев Бақдәулет, Елеусізова Зауре, Омаров Елғонды, Омарова Әйгерім, Еденбаева Арайлым, Өмірбекова Мөлдір, Басаров Сұлтан, Мизамбаев Дуәлетияр т.б. бірнеше шәкірттері бар. Ұлағатты ұстаз менің барлық баламды оқытты. Нағашкүл апай зейнет жасында болса да өзі еңбек еткен Ы.Алтынсарин мектебіне жиі келіп тұрады. Кезінде осы білім ұясында балалары білім нәрімен сусынса, кейін немерелері оқып, білім алды. Кейінгілері осы мектептен білім алуда.

Жалпы, Нағашкүл апайдың өскен ұясы тәлімді, тәрбиелі шаңырақ. Ағасы Сәруар ауданға танымал еңбек адамы еді. Көптеген марапат-

тардың иегері. Әпкесі Саракүл Нағашкүлдің жағдайын жасап, қамқорлығына алып, жоғары білім алуына ықпал жасаған.

Сонау өткен ғасырдың жетпіс алтыншы жылдары Әбіләкім Азнаевпен отбасын құрған. Жарасымды жұп отбасында Мақсат, Мұрат, Рахат, Зауре, Сәуле атты ұл-қыздарды дүниеге алып келген. Барлығы да жоғары білімді. Білікті де білімді маман иелері. Отағасы Әбіләкім Азнаев өз ісінің білгір маманы, зейнеткер-дәрігер, ауданның Құрметті азаматы. Немересінің алды бұл күндері жоғарғы оқу орындарында оқып жүр. Аружаны медалақияда, Камошы Астанада, Аяулы Алматыда Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде оқиды. Қалғандары мектеп қабырғасында, балабақшада тәрбиеленуде.

Нағашкүл апай өсіріп отырған ұл-қыздарының, немерелерінің ортасында шат-шадыман ғұмыр кешуде. Бауыры Әнуар адамгершілігі мол, еңбекқор, инабатты жан. Ізінен өрген үш сіңілісі жоғары білімді. Әпкелерінің жолын қуып, педагог мамандығын қалаған. Өз ісінің білікті мамандары. Мен де апайға еліктеп, математика пәнінің мұғалімі болуды қаладым. Оқу орнын бітіріп келгеннен кейін апаймен қызметті бірге атқардым.

Жаны жайсаң, жүрегі жылы, адамгершілігі мол Нағашкүл апай мерейлі 70 жасқа толып отыр. Мерейтойымен құттықтап, төмендегі жыр жолдарын арнаймын:

*Мерей тойың құтты болсын апайым,
Ізгіліктен өрілгендей маңайың.*

*Ұшырдыңыз талай шәкірт ұядан,
Дамыттыңыз балалардың сана-ойын.*

*Ұстаздардың ұстазы сен атандың,
Аяулы жан мен өзіңнен бата алдым.*

*Ұзақ жаса, ғұмырлы бол, тілерім,
Мақтан етіп сізді әркез жүремім.*

**Ділдегүл СҮЛЕЙМЕНОВА,
зейнеткер-ұстаз.**

Семинар

Жаңартылған білім беру-тиімді әдістердің жүйесі

Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияны пайдалана отырып балалардың тіл байлығын, логикалық ой-

аудандық тәжірибелік семинар өтті.

Аталған семинарға аудан аумағындағы барша жекеменшік балабақшалардың әдіскерлері мен тәрбиешілері мен Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскерлері қатысты. Жиынға келушілер балабақша базасында ұйымдастырылған «Ұлттық құндылықтарды насихаттау» көрмесімен танысты. Семинарды аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері А.Смайлова ашып, жиынның негізгі бағдарламасына тоқталып өтті. Мұнан соң, жиынға қатысушылар «Армантай» бөбекжай-балабақшасының қызметкерлері мен тәрбиеленуші бүлдіршіндері дайындаған түрлі қойылымдар мен концерттік бағдарламаларды тамашалады.

Семинар барысында әр ауылдық



лау қабілетін дамыту, сапалы білім мен өнегелі тәрбиені әрбір бүлдіршінің бойына сіңіру мақсатында өткен аптада Шолақорған ауылындағы «Армантай» бөбекжай-балабақшасының базасында «Жаңартылған білім беру – тиімді әдістердің жүйесі» тақырыбында

округтерден жиылған әдіскерлер мен тәрбиешілер өзара пікір алмасып, балабақша жайындағы тақырыптарда ой қозғап, аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері А.Смайлова жиынды қорытындылады.

«Созақ үні» - ақпарат.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
**Абилпаттаев Ержан
Бақытжанович**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
**161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.